

Мәпіш
Шәріпқызы

Жапырақ
Ғұмыр сыйдыры





МӘПШИ ШӘРІПҚЫЗЫ

**Жапырақ ғұмыр
сыбдыры**

**Алматы
«Дәуір»
2002**

**ББК 84(5Каз)
Ш-34**

Мәпіш Шәріпқызы

**Ш-34 Жапырақ ғұмыр сыйдыры. Алғы сөзін жазған
М. Сембай. – Алматы: «Дәуір» 2002 жыл.
ISBN 9965-517-36-3**

Казакстан Республикасының оқу-ағарту ісінің үздігі Мәпіш Шәріпқызының бұл кітабында қолынан қаламы түспеген ұстаздың өмірден көргені, түйсінгені, замана ағымы, адамдар арасындағы қарым-қатынас, туған ел, жастар тағдыры, т.б. тақырыптар өзіндік бояуымен, шыншылдықпен суреттеледі.

Жинақта өлең-жырлармен қатар әңгіме, хикаят, макала, естелік түріндегі прозалық шығармалар да бар.

Кітап оқырманын салмақты ойға, сәулелі санаға жетелейді, шынайы да қарапайым халықтық үнмен жазылған.

ББК 84 (5Каз)

**Ш 4702250000
00(05)-02**

ISBN 9965-517-36-3

**© Шәріпқызы М.
© «Дәуір», 2002**

... Мәпіш Шәрірова Қарагандыдағы орта мектептің тіл-әдебиеті пәннің оқытушысы, туган әдебиетін жаңымен беріле сүйетін, шәкірттеріне қазақ жазушыларының шыгармаларын ынтыга насихаттауышы ұстаз. Мәпіш сонымен бірге ақын да. Ол өз жырларында жастық шақ, адаптация, мейірімді ана, ізгі ұстаз, туган жер, т.б. жайында шын жүрекпен, ыстық леппен тебірене толғанады. Жайсан жырларың назбен шалқи берсін, Мәпіш!..

Қалижан БЕКХОЖИН.

... Мәпіш ойшыл, байыптағыш, аңгарғыш, талғампаз, сұлулыққа, ізгілікке, әділдікке, адамгершілікке бас иген, нәзік жанды сезімтал, ойы сергек жан. Сол себепті де оның өлеңдерінен көңіл күйі сезімдері гүл атып тұрады...

Жайық БЕКТҰРОВ.

Сәбиді құшқан маҳаббат толы жүрекпен

Мәпіш апайдың есімі Қараганды жүртшылығына кеңінен мәшиұр. Ғұмыр бойы мұғалім болып тер төгіп, жан-жүрегі жас Алашпен жалгасып кеткен ұлагатты ұстаз педагогикалық дәрісіне симаган ой-талғамын өлеңге айналдырып, про замен өрнектейді. Мәкеңнің жас үрпаққа айтар сөзі мен агытар сыры мол.

Соның бәрі осы кітапқа келіп құйылышты.

Педагог ақындар бұрын да болған, қазір де баршылық. Соның бірі һәм бірегейі осы – Мәпіш апай.

Қасым, Мұқагалилар ұлы маҳаббатымен Алаш-Апасы мен адамзатты әлдилесе, Мәкең сәбілдерді, жас өркен – жас буынды әлдилеп жүр. Ана жүрегінің асқақ лупілі бар бүл өлеңдерде.

Шыгармашылығыңыз жемісті, егемен еліміздегі орныңыз келісті бола берсін, Мәке!

**Серік АҚСҮҢҚАРҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одагы
Қараганды облыстық
филиалының директоры.**

АЛҒЫ СӨЗ

Арқаның аты аңыздай атақты бір өлкесі – Баянауыл той. Бір Баянның топырағынан қазақ еліне үлкен үлес қосқан қаншама ұлы адамдар туғанын қазақ халқы жақсы біледі. Кейінгі ұрпактары олардың есімін зор құрметпен, мактандың сезіммен атайды. Сол Баян жерінде туған қатардағы перзенттерінің бірі – Мәпіш Шәріпқызы.

Мәпіш апай 1945 – 1949 жылдары Алматыда педагогикалық институтты үздік оқып бітіреді. Институтта оқып жүрген кезінде-ақ ұстаздарының ерекше үміт күткен шәкірті болады. Әсіресе, қазақтың аса көрнекті ғалымы Есмағанбет Үсмайылов жас қызыға өрі қарай оқу керек екенін, шындалған ғылым жолына түсү қажеттігін сұрайды. Бірақ адам ойы әрқашан іске аса бермейтіні сияқты Мәкең де Алматыны Қарағандыға аудыстырып, Қарағандыдағы қазақ орта мектебіне мұғалім болып орналасады. Ұстаздық еңбектің қыр-сырын, қындығы мен қуанышын жақсы түсінеді. Туған халқының өнерін, әдебиетін, тарихын жастар санасына түсіндіре, жеткізе біледі. Жастарды үйрете жүріп, өзі қазақ ақын-жазушыларының, халық әдебиетінің тамаша туындыларына окушыларын қызықтыра отырып өрнектей білген шебер ұстаз атанады. Солай еңбек ете жүріп бала кезінен қыр сонынан қалмаған өлең жолдары дәптер бетіне жасырын кейде-кейде жазылып жүре береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін 1973 жылы № 253 «Орталық Қазақстан» газетінде Республикаға танымал шежіре жазушы атанған Жайық Бектұров Мәпіш Шәріпқызы жөнінде «Шешен қарындас» деген қыскаша мақала жарияладап, бір жол өлеңдерін газетке ұсынған екен. Сонда: «Қазақтың көркем әдебиетіне жетік, осы әдебиеттен орта мектеп шәкірттеріне

көптен бері сабак беретін, қазақ балалары мен ата-аналарының алғысына кенеліп, мектептің көркі болып келе жатқан Мәпіш ешкімге жөнді көрсетпесе де, қайырмалап соғатын борандай қара сөздің нөсерін төккен шешендігіне қарамастаң, көп алдында оқуға ұялшактанып, мінбеге шықпаса да ішінара өлең, әңгіме жазып жүреді», — деген екен. Қарап отырсақ, Мәкенің өлеңге пейілі балаң кезінен ауғаны анық. Мәкен жырлары өмірдің сан алуан құбылыстарына арналып, сезімін барынша нақты суреттеуге құш салады. Көтерген тақырыбы сан түрлі. Туған жер, Отан, ата-ана, табиғат, жақсылық-жамандық, ақ-қара қайшылықтары, адамгершілік, тәуелсіздік, жетімдер тағдыры, замана құбылысы, өнербілім, т.б. Көбіне адамгершілік, азаматтық лирикаға көбірек орын береді. Туған жер бар адамға ыстық, тербеткен бесігі, алғашқы аяқ басқан тірегі.

Туған жердің ыстық ой мен қыры да,
Қарақаттан маржан тізген мойынға.
Сылдыраған өзен судың дыбысы
Сұлу әндей оралады ойыма, —

деген жолдар Мәкен жүргегінің лүпілі, сағынышы. Саналы адам баласының борыштымын дейтін екі үлкен ұфымы болу керек. Ол ата-анасы мен елі.

«Егеменді ел болдық» — деген өлеңінде:
Жоктау емес, бұл сөзім актау емес,
Толтырмайды өткенді құрғақ кенес.
Алауызды қазакты ел демесін
Керек емес дәл қазір теке тірес, —

деп сөзден іске көшуді, ел бірлігін, татулығын тілеген, сұраған үлкен ана жүргегін көреміз. Кейінгі жылдары қыншылыққа, жоқтыққа тәзе алмаған кейбір жастар жас сәбиден, кәрі ата-анадан безініп, адамшылық ғұрыпты аттап жүргені белгілі болып отыр. Осыған орай «Тастама мені, Анашым!» деген көлемді өлең жазды. Бір топ шумағына белгілі әнші-композитор Ескендер Хасанғалиев ән шығарды.

Тастанды деген сұық сөз,
Көлденең шығар жолымнан.

Белгісіз жетім болмайын
Ертсейші мені соныннан, – немесе

Адаспа, ойлан адаспа,
Жастықтың тұман буына.
Суарып алшы сананды
Сабырдың салқын сұына, –

деген жолдар арқылы тастанды жетімдердің кінәсіздігін, әлсіздігін көрсетіп, қатігез ананың сезімі селт етер ме екен деп үміт артады. Дүние жүзіндегі бала сүйген ана жүрегі махаббатқа толы, ол не киындыққа төзіп, өз өмірін баласына бағыштайды.

Ақ сүт беріп баулыдым адалдыққа,
Жолатпадым жаныңды жамандыққа.
Жамбасына жер батса төсе ботам,
Макпал шашым жараса жаярлыққа –

деп, аса нәзік сөз иірімімен ана махаббатын жеткізеді. Ұлы Отан соғысы сол дәуірдегі барлық адамға ауырлық әкелген, ақын-жазушылардың көп козғаған тақырыбы болды. Бірақ, әркім өзінше толғады, суреттеді. Нелер ғажап туындылар шықты. Ұлы Отан соғысы жылдарын жас болса да Мәкең көрді, сезінді, соғыста жарлары қаза болған келіншектерді, баласы өлген аналардың зарын естіп өсти. Қазақтың үлкен ақын апасы Мәриям Хакімжанованың Мәншүк поэмасын өз оқығанынан естиді. Кейіннен сол тақырыпқа өзі де бірнеше өлендер жазады.

Ұзак жылдар ұстаздық енбекпен шұғылданған Мәпіш апайдың өлендерінен білім, тәрбие, саналылықты, адамгершілік, қайырымдылық кен орын алады, Адам өз жүрген ортасында абыройға, жақсы атқа ие болуы бақыттылық – деп түсінетін Мәкең мысалы «Замандас» деген өлеңде:

Беле көрме көз бен көніл арасын
Көрген жерде көзің күліп,
Көніл мұздап тұрмасын.
Күйкі жаның жапалақтай тұн іздел

Жүрер жолға қылдан тұзак құрмасын –
дей келе

Адамға адам бауыр болса шіркін-ай,
Ақ ниетті, кең пейілді даладай.

Қызғанышсыз ортақ болса жақсылық,
Жүрер еді талай адам
бійгінен құламай – деп қорытады.

Адамдар қызғаншактықтан, жағымпаздықтан,
екіжүзділіктен, құлық-сұмдықтан аулақ болса деп тілейді,
сақтандырады. Бұл тақырыптар кенінен сөз болады.

Үлкен-кіші ақындардың бәрі де замана құбылысына соқ-
пай өте алмайды. Шындықты іздейді, небір жағымсыз
істерден, әсіресе, жастарды сақтандырғысы келеді. Мәпіш
Шәріпқызының «Ашы шындық», «Жастар – өмір қөктемі»
деген ұзак толғаулары да осы жайларға арналған.

Мәкең поэзия жанрымен қатар прозаға да қалам тарта-
ды. Кітаптың «Сыр сандық» атты бөлімінде әңгімелері, ғылыми
мақалалары, бүгінгі күн тақырыбына арналған өзіндік
пікірлері бар. Тілі көркем, сөз қолданысы тартымды, казақ
тілінің айшықты оралымын дәл пайдаланып, оқушысын
қызықтыра әңгіме желісіне жетелейді. «Ол – менің ұлы Аман
еді» деген шығармада бас бостандығы үшін құрескен өзінің
ен ұлы әжесінің қысқа да нұсқа өмірі арқылы арғы ата-
бабалары жөнінде де мағлұмат береді. «Өзініздің
өміrbаяныңыздан не айтар едіңіз?» дегенде «Менің ерекше
айтарлықтай өміrbаяным болмас, көп жылдар мектепте
ұстаздық еттім. Көпшілік қарапайым қазақ әйелінің бірімін,
ұл-қыз өсірген, немерелер көрген анамын» деп қана токта-
ды.

Мәпіш апайдың кім екенін қолдағы кітаптан оқыған
дұрыс болар. «Жапырақ ғұмыр сыбдыры» – Мәпіш Шәріп-
қызының өмірден өз көзімен көріп, ой-сана елегінен сүзіп,
жинақтаған шынайы түйіні.

Магауия СЕМБАЙ,
«Орталық Қазақстан»
газетінің бас редакторы.

ТУҒАН ЖЕР

Кең Ақши, Баянауыл туған жерім,
Сыртқы өзен, Шілдерті мен саумал көлім.
Жазықтан сақинадай көрінуші ед,
Ауылды орап жатқан қоңыр белім.

Гүл теріп жүгірдік біз өзен бойын,
Сайында жас лақтай салғам ойын.
Нәрестен сәбиінің сен тербеткен,
Алғашқы сенде жатыр жүрген жолым.

Аңсаймын тарау-тарау өзенінді,
Сағыныш кейде өртейді өзегімді.
Құс төсек ақ мамықтай көрер едім
Шөбінен салып жатсам төсегімді.

Туған жердің ыстық ой мен қыры да,
Карақаттан маржан тізген мойынға.
Сылдыраған өзен судың дыбысы
Сұлу әндей оралады ойыма.

Жігіт бол әкем сенде өскен ауыл,
Келін бол анам саған түскен ауыл.
Күшті екен құдіреті туған жердің,
Көнілде көлбендейді көркем ауыл.

БАЯНЫМ

Баян сұлу кербез ғой ақ маралдай,
Жарыса өскен тасына тал, қарағай.
Баян таулар мәпелеп аясында
Көк торғындаш шалқиды көл Жасыбай.

Құз басында ақша бұлт қоңақтайды,
Күн аймалап шың төсін құшақтайды.
Дамыл таппай қызығыш құс шыр айналып,
Жасыбайдың балығын қарақтайды.

Шебер адам құйғандай қара тасын,
Небір ғажап мұсінге таңқаласын.
Жолбарыстай жоталы кейбір тастар,
Күнгеге беріп жатады қыр арқасын.

Жасыл желең ақ қайың жамылғаны,
Гүл мен жидек көмкерген сай-саланы.
Салқын самал, ыстық күн, мөлдір көлі,
Жібек желі ақырын аймалайды.

Мақтанышы Баянның Мәшһүр бабам,
Ұмытылмас өтсе де қанша заман.
Озып туған қатардан Сұлтанмахмұт,
Әділ билер болыпты Шоң мен Шорман.

Жері дарқан Баянның елі қандай,
Жаны жайсан, береке пейілі бай.
Қаныш, Әлкей, Қалижан, Шапық, Диқан,
Көпке әйгілі есімі еңбегі сай.

Бауыры құтты Баяным атың әсем,
Күміс күлкі кетпесін көл үстінен.
Ақын, әнші, ғалымдар туда берсін,
Ақ қайындар өскендей тау төсінен.

ҚАРАГАНДЫ

Қазақтың кең пейілді жері дарқан;
Ой-қыры малға толы маңыраған.
Күрекпен шұңқыр қазса кең шығады;
Бетіндей тағам толы бай дастарқан.

Кең көзі – қара алтынды Қарағанды,
Құт екен басып жатқан жер табаны.
Сауыры сап алтыннан жабулы екен,
Жазылды берекелі алақаны.

Ошақ қып, тас деп тапқан Апақ аға,
Мәз болып қызығыпты жанған отқа.
Күмбірлеп күй төккендей кең төгілді,
Еңбек пен жердің астын шарлағанда.

Әйгілі біздің қала – шахтер қала,
Көз тойып, көніл өсті тамашаға,
Жайнаған шындық осы – сағым емес,
Елі бай жер жомарты Сарыарқада.

КӨКШЕТАУ

Көкшетау көк қайрақтай тасың қекшіл,
Көп аузы жер жұмағы сенде деп жүр.
Аңызға атың толы, қойыныңда құт,
Аспаннан жер бетіне төгілген нұр.

Көкшеде мөлдіреген көкшіл аспан,
Көмкеріп күміс көлді тау жарасқан.
Әйгілі Бурабайдың тас діңгегі,
Көзінді ала алмайсың Жұмбақтастан.

Бар десем таста тамыр шығар оғаш,
Көк тасқа қалай өсті жасыл ағаш.
Қия құз шың басында сұлу шырша,
Көкшеде болған адам айтпас талас.

Көк иірім көлдің үсті ерке толқын,
Желпиді ыстық күні самал салқын.
Жылжиды қайық баяу тербетіліп,
Су асты өмірінің бұзбай салтын.

Созылған Көкше өнірі қалың орман,
Қарағай, тал мен терек сәндік құрған.
Мұлгіп тұр, маужырап тұр орман ғажап,
Ақ қайың аппақ қыздар билеп тұрған.

Көкшені бір көруге адам құмар,
Бір көрсөң сұлу бейне көзде тұнар.
Көкшеде ән айтпайтын үн демес те
– Па, шіркін, жерім-ақ – деп бір шырқатар.

АБЫЛАЙ АЛАҢЫ

Көкшетау жасыл орман көгілдір көл
Көкшені білгің келсе бір барып көр
Аланы Абылайдың ақ жамбыдай,
Қазаққа қасиетті қиелі төр.

Қайырмасы:

Көкшенің самалы-ай,
Жап-жасыл қарағай.
Ақ қайың иілген
Абылай алаңы-ай.

Сандық тас, өркешті тау, тоғайлы бел
Көкшені аңыз қылып айтады ел.
Шырқалса Ыбырай, Ақан, Біржан әні
Сәкеннен өлмес мәңгі сөз қалған жер.

Қайырмасы:

Көкшеде мөлдіреген көкшіл аспан,
Көмкеріп күміс көлді тау жарасқан!
Әйгілі Бурабайдың тас діңгегі
Көзінді ала алмайсың Жұмбақтастай!

Қайырмасы.

ЭКЕНИҢ ЖҰРТЫ – МҰРА ҒОЙ

Ауылға келдім тұған үйдің орны бар,
Шақырады тағы дейтіндей ме-ау аунап қал.
Аунап қал дейді – білмейсің ғой тірліктің
Алдыңда қанша жылжитьн әлі күні бар.

Аунадым төрге текемет емес көк шөпке,
Жүрегімді езіп келмес күндер түсті еске.
Сәскеге дейін үйықтатып А нам аялап
– Тұра ғой, ботам, шайінді ішші демес пе?

Жасырам несін көзіме бердім ерікті,
Сезімге нәзік мықтылар да көніпті.
Дастархан басы отырғандаймыз жиылып
Әкем, шешем, бауырларым да келіпті.

Сары майды әкем асықпай наңға жағатын,
Таба наң шетін ай етіп кесіп алтын.
Үстатьп айды қызықтап қарап балаларға
Балапандарын ұяда жатқан бағатын.

Дастархан басы әкемнің орны төрде еді,
Отыратын анам аққудай аппақ көлдегі.
Аруағынан айналым ата-анам-ау,
Ақталды ма екен біздерге төккен еңбегі.

Атына мініп бөркінің шетін жымырып
Келетін үйге ақсақалдар да қыдырып.
Шақырып келген қонағындей-ақ қабылдап
Кутуші еді әкем мен шешем тік тұрып.

Қымызың балдай балбармақ Қадиша келінім,
аман болсын балаларың мен серігің – деп –

батасын беріп аттанушы еді аталар
келтіріп сәнін сырмакты үйдің төрінін.

Жұмулы көзім, кезеді ойым бірақ та
– Сауыны болды биелер жур-ау жырақта.
Шелегін алыш биесін көздеп анамның
Күраулаған келе ме үні құлакқа.

Жақсы бір елес, келеді үні құлаққа
Жүргендей болдым анамды көріп жұмакта.
Көзімді аштым, желіде құлын, бие жок,
Тіреле бердім біздің ауыл осы ма деген сұраққа.

Жетелеп ойлар көзімді алдын тарс жұмып,
Сонау шетте бозбалалар алтыбақан жүр
құрып.

Ақырын ғана женге мен қыздар келетін
Ауылдан бүгін адасқандай ма сол ғұрып.

Ана жатқан тәгілген күл ғой күресін, –
– дейтіндей маған от болып жанғам білесің.
Әкем мен шешем, бас қосып жаққан отының
Кулі де сөнген журекке жылы екенсің.

Ауылым осы әкенің жұрты, орны бар,
Тосады білем оралар ма екен деп балалар.
Ойымды бөлді құстардың үні сыңсыған,
Барады өтіп жеріне қайтқан тырналар.

Барады ұшым жеріне қайтқан тырналар,
Оралар ма екен әке жұртына балалар?
Көркейтпей елді бездік-ау елден бәріміз –
дегендей ауыр санамда мұнлы нала бар.

1991 жыл 26 наурыз.

ӘКЕМ САЛҒАН ЖЕР ҮЙІМ

Мен туыптын әкем салған жер үйде,
Қандай ыстық сол бір жер үй көнілге,
Қолым созсам тәбесіне жететін,
Мұнарадай елестейді көзіме.

Ұзын пешпен ортасынан бөлінген,
Бала ойыны кетпеуші еді төрінен.
Қоңыр есік түйіп тастап тұратын
Кейбіреуді еңкеймесе ерінген.

Кішкене әйнек күн шығысқа қарайтын,
Сынғандарын әкем өзі жамайтын.
Күн сәулесі қабыргада ойнаса,
Ұстаймын мен деп бауырларым қармайтын.

Үй тәбесі қамыс еді жабылған,
Тамшы ағатын қар суы мен жаңбырдан.
Аузын ашып ауыр жүкті көтеріп,
Тұрушы еді жұмыр аша қағылған.

Сондай-ақ жайда өтіп еді балалық,
Бал дәуренім ұмытылмай тұр анық.
Есіме алсам әкем салған жер үйді,
Ыстық сезім лып етеді оянып.

Бала шағым, әкем салған жер үйім,
Ол екеуі жіп бойында бір түйін.
Балалықты қой деп айтып балама,
Сағынамын өзім соның әр күнін.

АНСАУ

Іздең келдім ауылға,
Көп жырларды өткізіп.
Жаз ансаған құс болдым,
Айту қыны жеткізіп.

Дүрсілдейді жүрегім,
Сезімді нәзік ширатыш.
Желпиді беттен қоңыр жел,
Алмайын деп жылатыш.

Ерекше емес ауылым,
Орманы жоқ тоғайлы.
Ауыл алды қоңыр бел,
Тау деп соны санайды.

Көлдері жоқ күмістей,
Көлкіп жатқан іргеде.
Жер сұлуы бізде деп,
Айта алмаймын сіздерге.

Бірақ, бірақ мен үшін,
Жер жұмағы осында.
Тау мен орман жоқ-ау деп,
Келген емес басыма

Қара барқыт аспаннан,
Көз қысатын көп жұлдыз.
Құшағында жазғы тұн,
Сыңғырлайтын жерде қыз.

Сай-саланы жағалап,
Көбелек боп гүл тердік.

Бұлдыр сағым елесін,
Ұстаймыз деп жүгірдік.

Алып үшқан жастық-ай,
Куаныш нұрға малынған.
Жас бозбала жол тосып,
Су ішетін қолыңнан.

Албырт сезім құйындай,
Шарпып өтер жүзінді.
Тік қарамай бетіне,
Жасырасың көзінді.

Айым менің Еркежан,
Дейтін тәтті женешем,
Ортадағы еркеміз,
Отыр дейтін төрге сен.

Ауылдастар қарсы алды,
Толып кетті маңайым.
Шала танып жатырмын,
Әр біріне қараймын.

Танымадың қызы-ау деп,
Жайды құшақ сары әйел.
Ұмыттың ғой біздерді,
Біз кешегі қынай бел.

Деді-дағы жарқылдаپ,
Ортаға алды сүйрелеп.
Сызылу жоқ қаладай,
Мінездері бір бөлек.

Ашық жарқын жайдары,
Лебі еседі даланың.

Ақ күмістей шын құлкі
Шашуындей ананың.

Тұн ортасы ауғанша,
Отырдық біз қыыспай.
Бірге өскен құрбылар,
Бірге туған туыстай.

Жүгірген сай мен қыратым,
Бір көру еді мұратым.
Жағанды сонау жарқабақ,
Мөлтілдеп өзен тұратын.

Қыла қарап бұралған,
Ұялшақ кезім, жас кезім.
Сағынып еске алдық біз,
Кызғалдақ екен қыз есім.

АУЫЛ ТАҢЫ

Сұлу ғой ауылдың ақ таңы,
Кербездей керіліп атқаны.
Көк жиек көтеріп пердесін,
Әлемге сүт сәуле шашқаны.

Күн нұры алаулап дағаны,
Алтынға малғандай болады.
Әнші құс сайраса үзілтіп,
Елжіреп көңілің толады.

Сұлу ғой, ауылдың көктемі,
Саумал жел беттен кеп өпкені.
Қызғалдақ, сарғалдақ жайнатып,
Табиғат гүлдерін еккені.

Сұлу ғой ауылдың кештері,
Тұтіннің бұлт болып көшкені.
Жас лак, қозылар маңырап,
Желіден құлынды шешкені.

Бұрандал өзен жай ағады,
Майысып қыз суға барады.
Самаурын көтерсе келіншегі,
Жұбайы ағашын жарады.

Немере жетектеп қарт ата,
Сыйлайтын үлкен ол ортада.
Әткеннен әңгіме шертеді,
Тарихтын үршығын тарқата.

Жарасқан еңбекшіл ауылы,
Ағайын-туысқан бауыры.

Қызыққа, қайғыға ортақтас,
Білдірмес бар болса жауыры.

Қызық көп ауылдың жерінде,
Бейбіт күн күледі көгінде.
Кең пейіл көсілген даладай,
Дастарқан жаюлы төрінде.

ҚЫМЫЗЫН ҚАЙДА, АУЫЛ-АУ?

Бие байлап, желі тартқан қазағым,
Көп екен ғой ойлап табар ғажабын.
Ел қазағы сыра іздең қалада,
Сарқымыздың көргендей-ақ азабын.

Шипа қымыз, дәру қымыз ежелден,
Бие сауған молшылықтың көзі екен.
Желі түріп, ноқта кескен сұмдықты,
Бұрын, сірә, бар ма қазақ көз көргенін.

Қайын, талмен қара саба ыстаған,
Ырысым деп, берекем деп ұстаған.
Темір ыдыс айнытат деп қымызды,
Ұстайды екен ағаш ожау, тостаған.

Елге барсан қымызы жоқ емге де,
Шай ұсынар келіні де, женге де.
Құлан болған жылқы біткен шу асау,
Құлын, тайлар көрінбейді іргеде.

Қымыз ұстау бүгін елде «азап» қой,
Жәшігімен арақ құяр жасап той.
Сатып алмай төбелесті жастарға,
Біздің қазақ бие байлап сауса ғой.

1980 ж.